

«8D02303 -Филология» (8D02302 Қазақ филологиясы) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Абдырова Ардак Оразгалиевнаның «Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>1.1 Қорғауға ұсынылған диссертация Қазақстан Республикасы ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2022 жылдың 25 мамырындағы №336 қаулы) және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы III Ұлттық құрылтайдағы (2024 жылғы 15 наурыз) Мемлекет басшысының мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге байланысты тапсырмалары мен ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 тұжырымдамасы» бағдарламасына сәйкес.</p> <p>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалмаған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары</p>

			Ғылыми-техникалық комиссия бекіткен жоғары білімді және ғылымды дамытудың басым бағытына (Елдің зияткерлік әлеуеті. Білім беру мен ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) және “8Д02303-Филология” білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлау бағдарламасына сәйкес.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосады. Диссертациялық еңбекте Қ.Жүсіптің әдеби және ғылыми еңбектері жан-жақты талданып, бүгінгі әдеби үдерістегі маңызы ашылған. Зерттеу нәтижелері ғылыми айналымға енгізіліп, әдебиеттанудың теориялық-әдіснамалық базасын толықтыра түседі. Жалпы, жұмыс ғылыми қауымдастыққа жаңа тұжырымдар ұсынып, келешектегі зерттеу жұмыстарына бағдар бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертанттың еңбекті орындауы, өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияда академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған. Ізденушінің ғылыми стильді меңгергендігі, өзіндік сыни пікірі, ойтопшылаулары бар. Баяндау тілі жатық. Қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары салмақты.
		1) <u>жоғары</u> ;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген;</u></p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Жалпы зерттеу мазмұнынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, бұл диссертацияның өзектілігі мынадай факторлармен негізделеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазіргі таңда қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын ұлттық мүдде тұрғысынан қайта зерделеу маңызды бағыттардың бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда әдебиеттану ғылымына сүбелі үлес қосқан Қуандық Жүсіптің шығармашылық мұрасын соны ғылыми көзқарас аясында зерттеу – ұлттық рухани құндылықтарды сақтау мен жаңғыртудың өзекті мәселелері қатарынан табылады; - Қуандық Пазылұлы Жүсіптің еңбектері жекелеген мақалаларда ішінара қарастырылғанымен, оның әдеби-сын, ғылыми мұрасы тұтас, кешенді түрде арнайы зерттеу нысанына айналмаған. Сондықтан да ғалым шығармашылығын жан-жақты талдап, ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі туындайды. - Қ. П. Жүсіптің еңбектері қазақ поэзиясы мен прозасының теориялық мәселелерін, жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін терең қарастыруымен құнды. Оның ғылыми тұжырымдары қазіргі
----	----------------------	---	---

әдебиеттану ғылымының дамуына ықпал ететін маңызды дереккөз болып табылады.

- Қазіргі білім беру жүйесінде қазақ әдебиетін оқыту мазмұны мен әдістерін жаңғырту, оның ішінде көркем шығарманың тілін терең меңгерту – өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, әдіскер-ғалым Қ. Жүсіптің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған зерттеулері ерекше маңызға ие. Ғалым еңбектері қазақ әдебиетін оқытудың теориялық және тәжірибелік негіздерін жүйелеп қана қоймай, әдеби шығарманы терең талдау, оның көркемдік табиғатын ашу, оқушының тілдік және эстетикалық танымын дамыту бағытында құнды ғылыми тұжырымдар ұсынады.

4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:

1) айқындайды;

2) ішінара айқындайды;

3) айқындамайды.

Диссертациялық еңбектің мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. Зерттеудің мазмұны Қ.Жүсіптің әдеби-ғылыми мұрасын шығармашылық ғұмырбаянынан бастап, автордың проза, драмалық туындылары мен ғылыми еңбектерін кешенді қарастыру арқылы жүзеге асқан. Зерттеудегі автордың даралық стилі мен суреткерлік шеберлігін теориялық тұрғыда айқындай отырып, мазмұн

			<p>мен тақырыптың өзара логикалық сәйкестігін қамтамасыз етеді. Зерттеу жұмысының үш тарауы да диссертация мазмұнына сай құрылған және диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Қойылған міндеттер мақсатқа жетуге бағытталған.</p>
		<p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p>	
		<p>2) ішінара сәйкес келеді;</p>	
		<p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Қ.П.Жүсіптің шығармашылығы мен әдеби мұрасына лайықты баға беріліп, қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны айқындалған. Ғалымның проза және драма саласындағы көркем туындыларын тақырыптық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан жүйелеп, жазушының шеберлік қыры ашылған. Әдеби-теориялық тұжырымдарының ғылыми маңызы анықталған. Әдеби-сын мақалаларында көтерілген мәселелер бағамдалған. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласындағы еңбектерінің маңызы айқындалған. Мәшһүртану ғылымының дамуына қосқан үлесі негізделген.</p> <p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеудің өн бойында тарқатыла шешіліп, үлкен ойдың</p>

			күралу логикасын көрсетеді. Осылайша диссертация тақырыбы зерттеу жұмысының негізгі қазығы ретінде айқындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері өзара <u>толықтай</u> логикалық байланысқан. Зерттеу құрылымы жүйелі, ғылыми аппараты, негізгі бөлім мен қорытынды арасындағы сабақтастық, теориялық және әдістемелік шешімдер жасауда ой тұтастығы сақталған.
		1) <u>толық байланысқан;</u>	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автордың тақырыпты зерттеу барысында ұсынған тұжырымдары мен пайымдаулары теориялық және эмприкалық тұрғыдан негізделіп, отандық және шетелдік ғалымдардың қалыптасқан ғылыми пікірлерімен дәйектелген. Автор ұсынған қағидаттар дәлелденіп, нақты мысалдармен бекітіледі, оларды бұрыннан белгілі шешімдермен сыни тұрғыдан салыстырып бағаланған. Бұған дейінгі жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдау анық көрінеді. Бұл сыни талдаулар диссертацияның құндылығын арттырудағы маңызы зор.
		1) <u>сыни талдау бар;</u>	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың ғылыми

		1) толығымен жаңа;	<p>нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген ғылыми тұжырымдар мен ұсынылған ережелердің жаңашылдығы олардың бұрын арнайы ғылыми зерттеу нысаны болмаған мәселені кешенді түрде қарастыруымен және жаңа ғылыми нәтижелер беруімен айқындалады. Атап айтатын болсақ, Қуандық Жүсіптің өмірі мен шығармашылық мұрасы алғаш рет жүйелі түрде біртұтас ғылыми зерттеу нысанына айналып, диссертант тарапынан ғылыми айналымға енгізілген. Диссертант Қ. Жүсіптің драмалық және прозалық шығармаларын кешенді әдеби талдау негізінде қарастырып, қаламгердің суреткерлік шеберлігі, дара стильдік ерекшелігі мен авторлық концепциясын алғаш рет ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған. Лирикалық шығармаларындағы көркемдік әдістер (романтизм, реализм), бейнелілік жүйе мен стильдік ізденістерге берілген ғылыми сипаттама жаңа теориялық пайымдаулармен толықтырылып, әдебиеттану ғылымына қосылған тың тұжырымдар ретінде негізделген. Ғалымның әдеби-сын</p>
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

еңбектері мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты ғылыми-педагогикалық көзқарастары алғаш рет бір арнада сараланып, олардың ғылыми-әдістемелік маңызы айқындалған. Сонымен қатар, Қ.Жүсіптің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын жариялау мен текстологиялық тұрғыда жүйелеудегі еңбегі тұңғыш рет арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, мәшһүртану ғылымының дамуына қосқан үлесі ғылыми негізде дәлелденді.

Жоғарыда аталған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар диссертанттың жеке ғылыми ізденісінің жемісі болып табылады. Осы арқылы диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңашылдық принципі толық сақталғаны және негізделгені дәлелденеді.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?

- 1) толығымен жаңа;
- 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);
- 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).

Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Диссертация қорытындыларының жаңашылдығы Қ.Жүсіптің әдеби-мәдени мұрасының алғаш рет кешенді зерттелуімен айқындалады. Қ. Жүсіп шығармаларының

тақырыптық-идеялық ерекшеліктері мен кейіпкер жасаудағы көркемдік шеберлігін талдау арқылы қаламгердің шығармашылық-стильдік даралығын айқындауда жазушы туындыларының әдеби ортадағы қабылдану ерекшеліктері жаңа қырынан пайымдалған.

Ғалымның қазақ әдебиетінің дамуындағы орны ұлттық таным мен көркемдік әдістер сабақтастығы негізінде сараланып, оның әдебиеттанудағы теориялық тұжырымдары (метафора, шарттылық, дерексіз ұғымдарды заттандыру, лирикадағы деталь мен нақтылық мәселелері) жаңа методологиялық бағдар ретінде негізделген.

Сонымен қатар, Қ.Жүсіптің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі тұңғыш рет кешенді қарастырылып, оның ғылыми-әдістемелік тұжырымдарының қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызы айқындалған. Осы аталған нәтижелер арқылы диссертация қорытындыларының ғылыми жаңашылдығы мен теориялық маңызы толық дәлелденеді.

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдерге балама ретінде зерттеудегі ғылыми-әдістемелік шешімдерді бағалау тұрғысынан алғанда, диссертацияда ұсынылған талдаулар мен тәсілдер толығымен жаңа болып табылады. Сондықтан бұл тармақ бойынша жұмыстың нәтижелерін толығымен жаңа деп бағалануға негіз бар.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Оған диссертациядағы теориялық еңбектермен қатар, талдаулар үлгі болады. Зерттеу барысында қарастырылған мәселелер автор тарапынан тұжырымдалып, казак әдебиеттануының дамуына орай түйінделіп отырады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған қағидағтар теориялық талдаулармен, әдебиеттанулық негіздемелермен дәлелденген. Диссертант шетелдік және отандық ғалымдардың пайымдауларымен әр қағидағты ғылыми түрде дәйектеген.</p> <p>7.2. Ұсынылған қағидағтар бұрыннан бар тұжырымдармен ғана</p>

		7.2 Тривиалды ма?	<p>шектелмей, оларды жаңаша жүйелеп, интеграцияландырудан тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ұсынылған қағидағар жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қорғауға ұсынылған қағидағардың қолдану деңгейі жоғары. Қорғау нәтижелерін “Әдебиет теориясы”. “Қазак әдебиеті тарихы”. “Әдебиетті оқыту әдістемесі” пәндеріне арналып жазылған ғылыми еңбектерде толығымен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Қорғауға ұсынылған қағидағар ғылыми мақалаларда дәлелденген. Зерттеу тақырыбына байланысты он екі мақала жарияланып, ұсынылған қағидағары теориялық тұрғыдан дәлелденген.</p>
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	<p>Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу мақсатына сай бірқатар ғылыми әдістер кешені орынды әрі тиімді қолданылған. Атап айтқанда, көрсетілген міндеттерді шешу барысында тарихи-салыстырмалы сипаттау, тарихи-функционалды талдау және жүйелеу, жинақтау әдіс-тәсілдері</p>
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

		<p>пайдаланылған.</p> <p>Аталмыш әдістемелік ұстанымдар зерттеудің ғылыми жаңалығын айқындауға және Қ.П. Жүсіп мұрасын жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берген.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Иә. Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары мен негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан тиянақты негізделген, ауқымды теориялық материалдармен дәлелденген. Диссертант ұсынған теориялық қағидалар мен ұсыныстар нақты деректерге, отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жүйелі түрде негізделген. Сонымен қатар, автордың өзіндік пайымдаулары нақты мысалдар арқылы дәйектеліп берілген.</p>
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>

			Докторант зерттеу барысында қазіргі қазақ әдебиеттану, қазіргі проза, әлемдік әдебиеттану жайын сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл жұмыста жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толығымен жеткілікті. Зерттеу аясындағы ізденістердің ауқымдылығын пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қамтылған 131 дереккөздің болуы да айқын дәлелдейді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертацияда қол жеткізген нәтижелер теориялық тұрғыда әдебиеттану және қазіргі қазақ әдебиетінің зерттеулер қатарын толықтыра алады. Орта және жоғары мектептегі әдеби білім берудің теориялық- әдіснамалық дамуына да үлес қосады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) ия;	Зерттеу жұмысын жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетінің тарихы және әдебиет теориясы бойынша оқытылатын іргелі пәндер мен элективті курстарда пайдалануға болады. Сонымен
		2) жоқ.	

			катар, жалпы білім беретін мектептерде теориялық және практикалық материал ретінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұнымен, тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді. Дегенмен, жұмыстың мазмұндық нақтылығын одан әрі арттыру мақсатында төмендегі ескертпені назарға алу орынды деп санаймын. Зерттеуде ғалымның сыни көзқарасы мен адам болмысына тән ерекшеліктерді талдауы сәтті берілген. Дегенмен, «жинақтау» мен «даралау» категорияларының

			<p>көркемдік жүйедегі орны мен қызметін тереңірек талдап, нақты мысалдармен дәйектеу жұмыстың ғылыми деңгейін арттыра түсер еді.</p> <p>Бұл ескертулер диссертацияның ғылыми жаңалығына, негізгі тұжырымдарына, мазмұндық дәлдігіне нұқсан келтірмейді. Тек рәсімдік, стильдік және мазмұнды толықтыру тұрғысындағы жеңіл түзетулерді көздейді.</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Зерттеу тақырыбы бойынша 12 мақала жарияланған. Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық жоғары рейтингті журналға енгізілген ғылыми мақалалар саны – 2; ҒЖБССҚК тізіміне кіретін ғылыми басылымдарда – 6; халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда – 4 мақала жарияланған. Зерттеу тақырыбына байланысты жарияланымдар тізімі диссертацияның 9-10 беттерінде көрсетілген. Мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>«8D02303 - Филология» (8D02302 Қазақ филологиясы) білім беру бағдарламасы бойынша Абдырова Ардак Оразғалиевнаны PhD)</p>

			<p>философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>
--	--	--	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

«8D02303 - Филология» (8D02302 Қазақ филологиясы) білім беру бағдарламасы бойынша Абдырова Ардак Оразғалиевнаны (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Alikhan Bokeikhan University
 филология ғылымдарының кандидаты

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись

 Ж.Ж. Аитова

 КАДР БӨЛІМІ
 _____ 202__ Ж.ІГ.



Аитова Ж.Ж.

инспектор: ОПРП *[Signature]*